

## Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті мен Салық комитетінің мемлекеттік мекемелерін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 қарашадағы N 1142 қаулысы

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуына жедел қызмет көрсету, сондай-ақ салықтық әкімшілік жүргізуді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Қарағанды облыстық қазынашылық басқармасының Сәтпаев қалалық бөлімі" (бұдан әрі - қалалық бөлім), "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің Сәтпаев қаласы бойынша Салық комитеті" (бұдан әрі - Комитет) мемлекеттік мекемелері құрылсын.

2. Қалалық бөлімді және Комитетті қаржыландыру тиісті жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) "Штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 сәуірдегі N 314 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті мен Салық комитетінің аумақтық органдары қызметкерлерінің штат саны лимиттерінің шегінде қалалық бөлім мен Комитеттің штат санының лимиттерін анықтау жөніндегі;

2) қалалық бөлім және Комитет туралы ережелерді бекіту және олардың әділет органдарында тіркелуін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*